

## 2008 жылы Алматы қаласында жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жіберу туралы

### *Күшін жойған*

Алматы қаласының әкімдігінің 2007 жылғы 27 желтоқсандағы N 10/1245 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2008 жылғы 17 қаңтарда N 765 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 6/1019 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2008.12.29 N 6/1019 қаулысымен .*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңын , 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңын , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы "Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" N 836 қаулысын басшылыққа алып, Алматы қаласының әкімдігі

### **Қ А У Л Ы**

### **Е Т Е Д І :**

1. 2008 жылға арналған ұйымдар және қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемінің ұсынылған тізбесі бекітілсін.

2. Алматы қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаментіне жұмыс берушілермен қоғамдық жұмыстарды орындау туралы шарттар жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Алматы қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті қала бюджетінің 2008 жылға арналған қоғамдық жұмыстарын өткізуге қарастырылған қаражат шегінде жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жіберуін жүзеге асырсын;

қоғамдық жұмыстағы жұмыссыздардың еңбекақысын төлеу екінші деңгейдегі банктердегі жеке есеп шоттарына аудару арқылы жүргізілсін.

4. Қоғамдық жұмысқа қатысатын жұмыссыздардың еңбекақысы ең төменгі екі айлық жалақы мөлшерінде белгіленсін.

5. Алматы қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 30 желтоқсандағы "2007 жылы жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жіберу туралы" N 8/1574 қаулысының күші жойылды деп танылсын (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде ретпен тіркелген N 731, 2007 жылғы 30 қаңтарда N 21 "Вечерний Алматы", 2007 жылғы 10 ақпанда N 17 "Алматы Ақшамы" газеттерінде жарияланған) .

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары М.Ш. Мұқашевқа жүктелсін.

7. Осы қаулы ресми жарияланған алғашқы күннен бастап күшіне енеді.  
 Алматы қаласының әкімі

Алматы қаласы әкімдігінің  
 2007 жылғы 27 желтоқсандағы  
 N 10/1245 қаулысымен

бекітілген

**Алматы қаласындағы 2008 жылға арналған ұйымдар, қоғамдық жұмыс көлемдері мен түрлерінің ТІЗБЕСІ\***

| N  | Жұмыс түрлері  | Жұмыс істейтін адам саны | Ұйымдар  |
|----|--|--------------------------|--|
| 1. | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық ұйымдарына аумақтарын жинауға көмек беру                    | 1444                     | "Тұран" тұрғын жай меншік иелері кооперативінің қауымдастығы, "Ісмер" тұрғын жай меншік иелері кооперативінің қауымдастығы, Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімінің аппараты коммуналдық шаруашылық бөлімі, Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің аппараты коммуналдық шаруашылық бөлімі, Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімі аппаратының көркейту бөлімі, Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімі аппараты көркейту бөлімі, "Жетісу" қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігі, "Алтын қада" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, "Қарасу", "Ұлжан ұлысы", "Заря Востока XXI" қоғамдық бірлестіктері және тағы басқалар. |
| 2. | Жол салу және оны жөндеу жұмыстары   | 180                      | Жол - пайдалану учаскелері және тағы басқалар.   |
| 3. | Өңірлік экологиялық сауықтыру (көгалдандыру және көркейту)                                   | 192                      | "Көгалдандыру" акционерлік қоғамы, "Тәртіп" акционерлік қоғамы және тағы басқалар.   |
| 4. | Өңірлік қоғамдық нақандарын ұйымдастыруға көмек көрсету                                      | 1260                     | "Правопорядок-Т" қоғамдық қоры, құқық қорғау органдары мен халық жасақтарына көмек көрсету қоғамдық қоры, аудандық әділет басқармалары, "Қорғаныс істері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі, жергілікті өзін-өзі басқару комитеттері, "Қазақ тілі" қоғамдық бірлестігі және тағы басқалар.   |
| 5. | Қарт азаматтар мен мүгедектерге күтім жасау, балалармен жұмыс жасау және басқа да әлеуметтік | 1160                     | "Дана" отбасын қолдау орталығы, "Қамқорлық" дағдарыс орталығы, "ЖКТБ алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталығы" мемлекеттік мекемесі, Түркісіб ауданы "Мүгедектер ерікті  |

|   |  |             |   |
|---|--|-------------|---|
|   | қызмет көрсетуге байланысты жұмыстарды жүргізу |             | қоғамы" қоғамдық бірлестігі, Алматы қаласының жастар саясатын дамыту мемлекеттік қоры, аулалық клубтар, балалар шығармашылық үйлері, Жетісу, Түркісіб ауданы көп балалы отбасылар одағы, Түркісіб аудандық қайырымдылық қоры, балаларды қолдау орталығы, "Қазақтың зағиптар қоғамының тәжірибелік кәсіпорыны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана мемлекеттік мекемесі, қоғамдық бірлестігі "Әйелдер бастамасының қалалық орталығы" қоғамдық бірлестігі, көп балалы аналардың "Ғибрат" Республикалық қоғамдық бірлестігі, Алматы қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Еңбек биржасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны және тағы басқалар. |
| 6 | Басқалар                                       | 264         |   |
|   | <b>БАРЛЫҒЫ</b>                                 | <b>4500</b> |   |

\* Жұмыс түрлеріне қатысатын адам саны, қатысу ұзақтығы сұраныс пен ұсынысқа қарай қоғамдық жұмыстарды өткізуге 2008 жылға арналған қала бюджетінде қарастырылған қаражат шегінде өзгеруі мүмкін.

Жұмыссыздарды қоғамдық жұмыста пайдаланатын ұйымдар қосымша ақы төлей алады. Қолданыстағы халықты жұмыспен қамту заңының қоғамдық жұмыстарда еңбекке ақы төлеу бөлігінде өзгерістер болған жағдайда еңбекақының мөлшері өзгеруі мүмкін.